

ҚОСЫМШАЛАР

А қосымшасы: Есеп туралы	221
В қосымшасы : GRI мазмұн индексі	228
С қосымшасы: SASB салалық көрсеткіштері	240
D қосымшасы : IFRS S2 негізінде ақпаратты ашып көрсету	243
Е қосымшасы : Қосымша ақпарат	246
F қосымшасы: Тәуелсіз тексеру туралы есеп	260
G қосымшасы : Глоссарий.....	266

А ҚОСЫМШАСЫ: ЕСЕП ТУРАЛЫ

GRI 2-3, 2-4, 2-5, 2-14, 3-1

ҚМГ 2008 жылдан бері жыл сайын тұрақты даму туралы есептерді дайындап және жариялап келеді. 2012 жылдан бастап есептілік Жаһандық есептілік бастамасы (GRI) стандарттарына сәйкес дайындалып келеді, бұл Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашудың жүйелі, бірізді және салыстырмалы тәсілін қамтамасыз етеді.

Бұл Есеп GRI 11: Мұнай және газ 2021 стандарттарын қоса алғанда, GRI стандарттарына сәйкес дайындалды және ҚМГ қызметінің маңызды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін көрсетеді. Дайындау процесінде SASB мұнай-газ саласы стандарттарының талаптары, сондай-ақ IFRS S1 «Тұрақтылыққа қатысты ақпараттарды ашудың жалпы талаптары» және IFRS S2 «Климатқа қатысты ақпараттарды ашу» ережелері ескерілді, бұл халықаралық ESG және климаттық есеп беру тәжірибелеріне сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Есепті кезең 2025 күнтізбелік жылды – 2025 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі кезеңді қамтиды. Трендтердің салыстырмалылығын және талдауын қамтамасыз ету үшін алдыңғы бірнеше жылдардағы негізгі көрсеткіштер ұсынылған. Қаржылық және операциялық нәтижелер ҚМГ компаниялар тобының шоғырландырылған деректері негізінде ұсынылған. Бұл есеп басқарушылық есептердің деректері мен ҚМГ-ның аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептіліктерін пайдалану арқылы дайындалды, олар Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалды және жыл сайын жарияланады.

Есептіліктің шекараларына Компания тікелей немесе жанама түрде дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) 50%-ы және одан да көп бөлігін иеленетін ҚМГ және оның ЕТҰ-ы, сондай-ақ ҚМГ бақылауындағы заңды тұлғалар жатады. Шоғырландыру периметрінің егжей-тегжейлі сипаттамасы және жеке көрсеткіштер бойынша ақпаратты ашу туралы мәліметтер Есептің тиісті бөлімдері мен қосымшаларында келтірілген.

Есепті әзірлеу процесі GRI қағидаттарына негізделген, оның ішінде Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсеріне негізделген маңызды тақырыптарды анықтау және олардың мүдделі тараптар үшін маңыздылығын бағалау бар. Дайындау процесіне маңызды тақырыптар тізімін жаңарту, тәуекелдер

мен мүмкіндіктерді талдау және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу кірді. Тұрақтылықты басқару процесі және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілдері туралы толығырақ ақпарат Есептің арнайы бөлімінде берілген.

Ашылған деректердің дәлдігі мен сенімділігін растау үшін Есептегі таңдалған көрсеткіштер тәуелсіз сыртқы растаудан өтеді. «А» белгісімен белгіленген көрсеткіштер 3000 СҚХТС (қайта қаралған) стандартына сәйкес шектеулі растаумен тәуелсіз сыртқы растаудан өтті. Кепілдік берушіні таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу рәсімдеріне сәйкес бәсекелестік процесі арқылы жүзеге асырылады. Тәуелсіз растау нәтижелері туралы есеп осы Есептің бөлігі ретінде ұсынылған.

Тұрақты даму туралы есеп ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және мүдделі тараптарға ресми корпоративтік веб-сайтта жариялау және баспа нұсқасын тарату арқылы жеткізіледі. Есептің электрондық және интерактивті нұсқалары Компанияның ресми веб-сайтында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолжетімді.

Осы Есепті дайындау ҚМГ қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, ESG тәуекелдері мен мүмкіндіктерін басқару тәсілдерін ашуға және мүдделі тараптарды Компанияның тұрақты даму және ұзақ мерзімді құндылықтарды құру саласындағы стратегиялық басымдықтары мен нәтижелері туралы хабардар етуге бағытталған.

Есеп беру шекаралары

GRI 2-2

ҚМГ есеп беру шекаралары Компания тікелей немесе жанама түрде дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50% және одан астамына иелік ететін еншілес және тәуелді ұйымдарды, сондай-ақ қызметін Компания қолданыстағы нормативтік талаптар мен корпоративтік келісімдерге сәйкес бақылауға құқылы заңды тұлғаларды қамтиды.

2025 жылы есептілік периметріндегі өзгерістер корпоративтік қайта құрылымдауға байланысты болды: «ҚазМұнайГаз» Барлау және өндіру» АҚ заңды тұлғаның таратылуына байланысты есептілік периметрінен шығарылды, сондай-ақ ҚМГ-ның қатысу үлесінің 40%-ға дейін төмендеуіне байланысты «Полимер Продакшн» ЖШС де есептілік периметрінен алынып тасталды. Есепті жылы холдингтік инвестициялық қызметті жүзеге асыратын Соöperatieve KMG EP U.A. компаниясы есептілік шекарасына енгізілді. Есептілік периметріне енгізілген ЕТҰ-лардың жалпы саны 63 ЕТҰ-ны құрады.

Консолидацияланған қаржылық есептілік

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ-ның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне келесі негізгі ұйымдар енгізілген:

- ⦿ «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС
- ⦿ «Қазақтүрікмұнай» ЖШС
- ⦿ KMG Kashagan B.V.
- ⦿ «Өзенмұнайгаз» АҚ
- ⦿ «Ембімұнайгаз» АҚ
- ⦿ Dunga Operating GmbH
- ⦿ «ҚазТрансОйл» АҚ
- ⦿ «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚҚК» ЖШС
- ⦿ Cooperative KazMunayGas PKI U.A.
- ⦿ «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
- ⦿ «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС
- ⦿ KMG International N.V.
- ⦿ «KMG Drilling&Services» ЖШС

Тұрақты даму туралы есеп беру шекараларына Компанияның операциялық қызметін бақылауға құқығы бар және ҚМГ-ның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ХҚЕС-ке сәйкес үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын 15 бірлескен кәсіпорын кіреді.

Қаржылық емес көрсеткіштерді біріктіру тәсілі

Қаржылық емес көрсеткіштерді біріктіру тәсілі операциялық бақылау қағидатына негізделген. Тиісті бөлімдер мен көрсеткіштер бойынша есеп беру периметріне енгізілген ұйымдар үшін деректер акциялар бойынша пропорционалды бөлусіз толық көлемде (100%) есепке алынады.

Шетелдік ЕТҰ бойынша есептілік шекаралары

Тұрақты даму жөніндегі есептің шекараларын қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасының талаптары, сондай-ақ Компанияның қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттары ескерілді. Осыған байланысты тұрақты дамудың жекелеген бағыттары бойынша көрсеткіштер негізінен Қазақстан Республикасының аумағында қызмет жүзеге асыратын ұйымдар бойынша шоғырландырылады. Өзге юрисдикцияларда жұмыс істейтін және өзге де реттеу күшіне енетін, сондай-ақ компания саясатынан өзгеше өзінің ішкі нормативтік құжаттарын қолданатын топтардың шетелдік компаниялары парниктік газдар шығарындыларын қоспағанда, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау көрсеткіштерін, сатып алу практикасын және экологиялық көрсеткіштерді қоса алғанда, жекелеген көрсеткіштер бойынша шоғырландыру периметріне енгізілмейді. Барлық көрсеткіштер бойынша есептіліктің егжей-тегжейлі шекаралары «Есептіліктің шекаралары» 28-кестесінде келтірілген.

Компанияның негізгі шетелдік активі – Еуропада қызметін жүзеге асыратын және Румыниядағы қайта өңдеу активтерін Rompetrol Rafinare S.A. арқылы басқаратын KMG International N.V. болып табылады. KMG International N.V. және Rompetrol Rafinare S.A. жеке-жеке тұрақты даму саласындағы еуропалық реттеу талаптарына (ESRS/CSRD) сәйкес өз есептерін жариялайды, есептер мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://www.rompetrol.com/group-reports>.

Компания барлық еншілес ұйымдар бойынша қаржылық емес деректерді жинау және

шоғырландыру процестерін жүйелі түрде жетілдіріп келнеді. Компанияның бағалауына сәйкес, шетелдік ЕТҰ бойынша консолидация үшін қажетті көрсеткіштер алдағы үш жыл ішінде салыстырмалы негізде қолжетімді болады.

KMG International N.V. компаниясын қоспағанда, ҚМГ-ның негізгі өндірістік қызметінің бөлігі ретінде мұнай мен газ өндіретін немесе өңдейтін басқа шетелдік еншілес және тәуелді компаниялары жоқ.

Бөлімдер мен көрсеткіштер бойынша есеп беру шекаралары

Қаржылық емес есептіліктің бөлімдері ҚМГ компаниялар тобының нақты қызмет түрлерін ескере отырып қалыптастырылады және келесі қамту салаларын қамтиды:

- ⦿ **Корпоративтік басқару** – қатысу үлесіне қарамастан, Компанияның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарын қамтиды.
- ⦿ **Қаржылық және операциялық нәтижелер Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына** (IFRS) сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде ұсынылады.
- ⦿ **Персоналды басқару** – Компанияның кадр және HR процестеріне сәйкес ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарын қамтиды.
- ⦿ **Қауымдастықтар және әлеуметтік инвестициялар** – әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға қатысатын негізгі еншілес және тәуелді компанияларға қолданылады.
- ⦿ **Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау** – негізгі өндірістік компанияларды қамтиды.
- ⦿ **Су ресурстарын қорғау** – суды айтарлықтай пайдаланатын кәсіпорындарды қамтиды.
- ⦿ **Парниктік газдар шығарындылары** – мұнай мен газ өндіру және өңдеу, сондай-ақ мұнай тасымалдау саласында жұмыс істейтін ірі ұйымдарды қамтиды.
- ⦿ **Атмосфералық ауаны қорғау** – ластаушы заттар шығарындыларының ең көп көлемі бар ұйымдарды қамтиды.
- ⦿ **Шикі газды ұтымды пайдалану** – шикі газдың ең көп көлемі бар компанияларға қолданылады.
- ⦿ **Энергия ресурстарын пайдалану және энергия тиімділігін арттыру** – энергияны ең көп қажет ететін салаларды қамтиды.

- ⦿ **Қалдықтарды басқару** – мұнай мен газ өндіру және өңдеу, сондай-ақ мұнай тасымалдау саласында жұмыс істейтін ірі ұйымдарды қамтиды.
- ⦿ **Биоалуантүрлілік** – ақпаратты ашу Компанияның биоалуантүрлілікке әсерін басқару тәсілдерін, ең маңызды әсер ететін учаскелердің орналасқан жері мен экологиялық жағдайын сипаттауды және Компанияның қызметі экосистемаларға әсер етуі мүмкін тікелей факторлардың сапалық сипаттамасын қамтиды.



КЕСТЕ 28. ЕСЕП БЕРУ ШЕКАРАЛАРЫ

ESG секторы			Экология (E)																				Әлеуметтік саясат (S)																		Экономикалық ықпал (G)																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																			
№	GRI туралы ақпаратты ашу	Құпиялық тәжірибесі	Энергия			Су ресурстары			Биоалуантүрлілікті қорғау			Шығарындылар					Қалдықтарды басқару			Әлеуметтік саясат				Персоналды басқару										Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік		Құрылған құн				Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																				
			GRI 302-1	GRI 302-3	GRI 302-4	GRI 303-3	GRI 303-4	GRI 303-5	GRI -101-2	GRI 104-5	GRI 105-6	GRI 305-1	GRI 305-2	GRI 305-3	GRI 305-4	GRI 305-5	GRI 305-7	GRI 306-3	GRI 306-4	GRI 306-5	GRI 2-27	GRI 413-1	GRI 413-2	GRI 414-1	GRI 2-7	GRI 2-8	GRI 2-30	GRI 202-2	GRI 401-1	GRI 401-3	GRI 405-1	GRI 405-2	GRI 406-1	GRI 404-1	GRI 404-3	GRI 403-8	GRI 403-9	GRI 201-1	GRI 201-4	GRI 203-1	GRI 203-2	GRI 204-1	GRI 205-2	GRI 205-3																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																
1	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	100%																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																																										

[illegible]